



ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2026 жылғы 13 қаңтар

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Сот төрағасы А.А.Дронов,
баяндаушы судья Д.П. Александров, судьялар Э.В. Айриян,
К.К. Джунушпаев, А.А. Забара, Е.Ж. Исмаилов, М.Т. Кайыпов,
А.Б. Кишкембаев, Н.В. Павлова, А.Г. Тунян,

сот отырысының хатшысы А.Н. Адереиконың қатысуымен,
баяндамашы судьяны тыңдап, іс материалдарын зерделеп,
Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 2, 46, 47, 49, 50, 68,
69, 73–75, 96–98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты
Регламентінің 14, 18, 19, 24, 72, 75, 85-баптарын басшылыққа ала
отырып,

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер
палатасының өтініші бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың
құқығы актілерінің ережелері контекстінде кедендік реттеу саласында
бірқатар мәселелерді түсіндіру туралы Консультативтік қорытынды
ұсынады.

I. Өтініш берушінің сұрақтары

1. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер
палатасы (бұдан әрі – «Атамекен» ҰКП, өтініш беруші) мынадай
мәселеерді түсіндіру туралы өтінішпен Еуразиялық экономикалық одақ
Сотына (бұдан әрі тиісінше – Сот, ЕАЭО, Одақ) жүгінді:

1) Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі (бұдан әрі –
ЕАЭО КК) мәнінде «кедендік бақылаудан жасыру», «жалған кедендік
декларациялау» және «тауарларды декларацияламау» деп не
түсіндіріледі және осы құқық бұзушылықтардың құрамы қандай?

2) кедендік бақылаудан жасыру үшінші тұлғалардың кінәсінен,
яғни тауарды жөнелтуші-сатушының және алушы-сатып алушының

қатысуынсыз болған жағдайда ЕАЭО КК 2-бабының 1-тармағы 25-тармақшасының түсінігінде ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы тауарларды заңсыз өткізу ретінде сыныпталуы мүмкін бе?

3) егер олар ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің заңсыздығы туралы білмеген және білуі мүмкін болмаған болса, тауарды жөнелтуші-сатушы және алушы-сатып алушы ЕАЭО КК түсінігінде тауарды заңсыз өткізуше тұлғалар немесе өзге тұлғалар болып саналуы мүмкін бе?

4) ЕАЭО құқығына сәйкес тауарларды кедендік бақылаудан жасыру не тауарларды жалған кедендік декларациялау немесе декларацияламау кезінде жауапкершілік шаралары ретінде тауарларды тәркілеуді қолдану шарттары қандай?

5) ЕАЭО, атап айтқанда ЕАЭО КК құқығы тауарларды кедендік бақылаудан жасыру, тауарларды жалған кедендік декларациялау немесе декларацияламау ниетінің болуын көрсетілген бұзушылықтар кезінде тауарларды тәркілеуді қолданудың міндетті шарты ретінде талап ете ме?

6) ЕАЭО құқығына сәйкес жүкті жөнелтушінің жасыру, контрабанда немесе кеден заңнамасын өзге де елеулі бұзушылық ниеті болмаған кезде маршруттағы қателіктер кезінде тауарды тәркілеу жол берілетін, мөлшерлес және пропорционалды шара болып табыла ма?

7) ЕАЭО құқығы ЕАЭО-ның кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізілген, бірақ ЕАЭО-ның және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің кедендік заңнамасын бұзушы болып табылмайтын және (немесе) мұндай орын ауыстырудың заңсыздығы туралы білмеген және білуі мүмкін болмаған тұлғалардың меншігіндегі тауарды тәркілеуге жол бере ме?

8) ЕАЭО (ЕАЭО КК) құқығы қоғамдық қауіптілік дәрежесін, ниетінің болуын және құқық бұзушылықтың өзге де сипаттамаларын ескере отырып, жауапкершілік шараларын таңдау кезінде кеден заңнамасын бұзушылар үшін ең төменгі кепілдіктерді көздей ме?

9) ЕАЭО КК 2-бабы 1-тармағының 25-тармақшасында көзделген құқық бұзушылықтардың, атап айтқанда тауарларды кедендік бақылаудан жасырудың, жалған кедендік декларациялаудың және декларацияламаудың субъективті және объективті жақтары қандай? Мұндай құқық бұзушылықтар кезіндегі кінәнің нысаны қандай? Ол дәлелдеуге жата ма не заң күшіне жүктеле ме?

10) өз заңнамасында «кедендік бақылаудан жасыру», «жалған кедендік декларациялау» және «тауарларды декларацияламау» ұғымдарын және ЕАЭО КК 1-бабының 5-тармағын ескере отырып, осындай құқық бұзушылықтардың құрамын айқындау кезінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің дискреция дәрежесі қандай?

11) ЕАЭО туралы шарттың 25-бабы 1-тармағының 4-тармағында

бекітілген бірыңғай кедендік реттеу қағидаты ЕАЭО туралы шарттың 4-бабында көзделген ЕАЭО-ның негізгі мақсаттарын ескере отырып, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамаларындағы және құқық қолдану практикасындағы кедендік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік мәселелерін біріздендіруді көздей ме?

II. Соттағы рәсім

2. Соттың Үлкен алқасының 2025 жылғы 11 қыркүйектегі қаулысымен «Атамекен» ҰКП өтініші өндіріске қабылданды.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) № 2 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (бұдан әрі – Статут) 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ сотының Регламентімен (бұдан әрі – Регламент) айқындалады.

Регламенттің 75-бабына сәйкес түсініктеме беру туралы өтініш бойынша істі қарауға дайындық шеңберінде Одаққа мүше мемлекеттердің жоғары сот органдарына, конституциялық бақылау органдарына, уәкілетті органдарына, Еуразиялық экономикалық комиссияға сұрау салулар жіберілді және олардан жауаптар алынды.

III. Соттың қорытындылары

3. Шарттың 1, 5-баптарына сәйкес Одаққа өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы ретінде Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген шектер мен көлемдерде құзырет беріледі.

Шарттың 19-бабына сәйкес Соттың құзыретін оның Статуты айқындайды, оның 2-тармағына сәйкес Сот қызметінің мақсаты мүше мемлекеттер мен Одақ органдарының Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды біркелкі қолдануын қамтамасыз ету болып табылады. Статутқа сәйкес Одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына түсініктеме беру мәселелері Соттың құзыретіне жатқызылмаған.

Осылайша, Сот «бірыңғай кедендік реттеу», «кедендік бақылаудан жасыру», «жалған кедендік декларациялау» және «тауарларды декларацияламау» ұғымдарының мазмұнына, сондай-ақ Шарттың, ЕАЭО КК, басқа да халықаралық шарттардың мағынасында жауапкершілік шараларын қолданудың материалдық және процессуалдық аспектілері бойынша оларға ілеспе мәселелерге Одақ

және Одақтың кедендік реттеу саласындағы құқық актілері шеңберінде түсіндірме беру құзыретін иеленеді.

4. Шарттың 3-бабына, 25-бабының 1-тармағына, 32-бабына сәйкес Одақтың жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарының бірі құқықтық негізін Шарт, ЕАЭО КК, оларға соның ішінде 2010 жылғы 5 шілдедегі Кеден одағының және Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылықтың ерекшеліктері туралы шарт (бұдан әрі – 2010 жылғы Шарт) да жататын Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар құрайтын бірыңғай кедендік реттеуді жүзеге асыру болып табылады.

Шарттың және ЕАЭО КК ережелерін жүйелі талдау бірыңғай кедендік реттеу тауарларды Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу тәртібі мен шарттарын, тауарлардың Одақтың кедендік аумағына келуіне байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібін, Одақтың кедендік аумағында тауарларды пайдалану қағидаларын, кедендік декларациялау және тауарларды шығару тәртібін, кедендік төлемдерді төлеу және кедендік бақылауды жүргізу тәртібін белгілеуді қамтитынын көрсетеді.

Осылайша, тауарларды Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты туындайтын құқықтық қатынастар Шартты және ЕАЭО КК реттеу мәніне жатады. Сонымен қатар, Одақ құқығының осы актілері олардың түрлерін (құрамдарын), кінә нысанын және жазалау түрлерін қоса алғанда, кедендік реттеу тәртібіне қарсы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауаптылыққа тартудың шарттары мен негіздерін белгілейтін нормаларды қамтымайды. Мұндай нормалар 2010 жылғы Шартта да жоқ.

5. 2010 жылғы Шарттың 3-бабына сәйкес қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері (құрамдары), тұлғаларды қылмыстық не (немесе) әкімшілік жауаптылыққа тарту тарту тәртібі мен қағидаттары 2010 жылғы Шарттың ерекшеліктерімен Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалады. 2010 жылғы Шарттың 4-бабына сәйкес Одақтың кедендік аумағында кедендік реттеу тәртібін бұзған тұлғалар аумағында құқық бұзушылық анықталған Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жауаптылыққа тартылуға жатады.

Осылайша, ЕАЭО КК кедендік реттеу саласындағы құқық бұзушылықтардың түрлерін (құрамдарын) белгілеуді, санкцияларды, оларды қолдану шарттары мен тәртібін айқындауды регламенттемейді және осы кезеңде Одаққа мүше мемлекеттердің жүргізуінде қалады.

6. Сонымен қатар, көлемі мен нормативтік мазмұнын белгілей кезінде «Одақтың кеден шекарасы арқылы тауарларды заңсыз өткізу» ұғымын айқындайтын ЕАЭО КК 2-бабы 1-тармағының 25-тармақшасы сақталуы тиіс 2010 жылғы Шарттың 3-бабының 2-тармағы негізінде

Одаққа мүше мемлекеттер Кеден одағының және Одаққа мүше мемлекеттердің кеден заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылықты көздейтін өзінің заңнамасына өзгерістер енгізу және осындай іс-әрекеттердің құқыққа қайшылығын біркелкі айқындауға келтіру бойынша шаралар қабылдауға міндеттенеді.

Бұл ретте ЕАЭО КК 2-бабы 1-тармағының 25-тармақшасында «Одақтың кеден шекарасы арқылы тауарларды заңсыз өткізу» ұғымы халықаралық кедендік реттеу практикасында олардың мағынасын біркелкі түсіну қалыптасқан терминдердің көмегімен айқындалатынын, бұл халықаралық шарттың (ЕАЭО КК) мәтінінде жоғарыда аталған терминдерді олардың мазмұнын ашпай пайдалануға мүмкіндік беретінін ескеру қажет. Осыны ескере отырып, *parata sunt servanda* қағидатына орай Одаққа мүше мемлекеттер өздерінің ұлттық заңнамасында «кедендік бақылаудан жасыру», «жалған кедендік декларациялау» және «тауарларды декларацияламау» ұғымдарының анықтамасын қамтитын нормаларды белгілеу мәселелерінде шектеулі дискрецияны иеленеді.

7. ЕАЭО КК тауарлар мен көлік құралдарын Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу тәртібін, яғни кеден саласында заңдық маңызы бар іс-әрекеттерді жасау реттілігін айқындайды. Осы іс-әрекеттерді жасаудың біркелкі тәртібін белгілеу арқылы қалыптасуы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарында көзделген бірыңға кедендік әкімшілендіру стандартын қамтамасыз етуге қол жеткізіледі.

ЕАЭО КК 1-бабының 5-тармағына сәйкес кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттарда және актілерде реттелмеген кедендік құқықтық қатынастар осындай халықаралық және актілерде тиісті құқықтық қатынастар реттелгенге дейін Одаққа мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында реттеледі.

8. ЕАЭО КК-де кедендік құқық нормаларының кешенді мазмұны қағидаттары іске асырылған. Кедендік реттеу саласының шегінен шығатын құқықтың өзге салаларын қозғайтын құқықтық қатынастар Одақта бірқатар жекелеген келісімдермен және шарттармен регламенттелген. Бұл ретте ЕАЭО КК 2-бабының 6-тармағына сәйкес ЕАЭО КК-де пайдаланылатын заңнаманың басқа салаларындағы ұғымдар, егер ЕАЭО КК-де өзгеше белгіленбесе, Одаққа мүше мемлекеттердің әрқайсысында осы мемлекет заңнамасының тиісті салаларында пайдаланылатын мағынада айқындалады және қолданылады.

ЕАЭО КК 354-бабының 4-тармағына және 2010 жылғы Шарттың 3-бабының 1-тармағына сәйкес қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері (құрамдары), сондай-ақ тұлғаларды қылмыстық және (немесе) әкімшілік жауаптылыққа тарту тәртібі мен қағидаттары 2010 жылғы Шартта көзделген құқыққа қарсы іс-әрекеттерді айқындаудың біркелкі тәсілдемесін қолдану ерекшеліктерін ескере отырып, Одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасында белгіленеді.

Баяндалған жайт әкімшілік кедендік құқық бұзушылықтар түрлерінің (құрамдарының) элементтері (объекті, объективті тарап, субъект, субъективті тарап) де тек Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасымен айқындалатынын куәландырады. Статуттың 46-тармағы контекстінде осыны ескере отырып, Сот өтініш беруші атап көрсеткен құқық бұзушылық түрлерінің (құрамдарының) әрқайсысының мәніне түсініктеме бермейді.

9. ЕАЭО КК 2-бабы 1-тармағының 27-тармақшасына сәйкес «Одақтың кеден шекарасы арқылы тауарларды заңсыз өткізу» тауарларды Одақтың кедендік шекарасына әкелу және оларды осы аумақтан кез келген тәсілмен әкету бойынша іс-қимылдардың жиынтығын ұсынады. ЕАЭО КК 14-бабының 1 және 7-тармақтарында Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлар Одақтың кедендік шекарасын кесіп өткен кезден бастап кедендік бақылауда болатыны айқындалған. Бұл ретте кедендік бақылауға жататын тауарлар олардың мәртебесін айқындау үшін қажетті уақыт ішінде осындай бақылауда болады. ЕАЭО КК 310-бабына сәйкес кедендік бақылауды кеден органдары кедендік бақылау объектілеріне қатысты оларға ЕАЭО КК-де айқындалған кедендік бақылау нысандарын және (немесе) оның жүргізілуін қамтамасыз ететін шараларды қолданумен ЕАЭО КК-ға сәйкес жүргізеді.

ЕАЭО КК-ның 2, 6, 14 және 310-баптарының ережелерін олардың өзара байланысында талдау Одақтың кедендік аумағына келген тауарлар, бұл заңды немесе заңсыз болып табылатындығына қарамастан, оларды осы аумаққа әкелген сәттен бастап кедендік бақылауға жататыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, оны тиісті бақылау іс-шараларын жүргізу арқылы кеден органы белгілеуі тиіс.

Тауарларды Одақтың кеден шекарасы арқылы заңды өткізу негізінде іске асыру процесінде сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу шаралары қамтамасыз етілетін кедендік операцияларды жасау және кедендік бақылауды жүргізу кезінде белгіленген тәртіптің, шарттар мен қағидалардың сақталуы жатыр. Тиісінше, тауарларды Одақтың кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізу ЕАЭО КК-ның ұйғарымдарын және

Одақтың кедендік реттеу саласындағы құқығының басқа да актілерін бұзумен оларды кез келген өткізу болады.

10. ЕАЭО КК 2-бабы 1-тармағының 25-тармақшасында ЕАЭО КК және Одақтың кедендік реттеу саласындағы құқығының басқа да актілерін бұзумен тауарларды Одақтың кеден шекарасы арқылы өткізудің бірқатар тәсілдері тізіп берілген: олар өткізілуге тиіс немесе жүзеге асырылуы мүмкін жерлерден тыс өткізу; кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс өткізу; тауарларды кедендік бақылаудан жасырын өткізу; тауарларды дұрыс кедендік декларацияламай өткізу; тауарларды декларацияламау кезінде өткізу; тауарлар туралы дұрыс емес мәліметтер қамтылған құжаттарды пайдала отырып және (немесе) жалған немесе басқа тауарларға қатысты сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып тауарларды өткізу.

Аталған тәсілдер ЕАЭО КК-да «Одақтың кеден шекарасы арқылы тауарларды заңсыз өткізу» бірыңғай анықтамасында қамтылады. Одаққа мүше мемлекеттердің әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамалық актілерінің жекелеген диспозицияларының тұжырымдауына сәйкес келетін ЕАЭО КК-да қамтылған «Одақтың кеден шекарасы арқылы тауарларды заңсыз өткізу» ұғымы қамтитын кедендік реттеу тәртібіне қарсы құқық бұзушылық түрлерінің (құрамдарының) элементтері ЕАЭО КК кедендік құқықтық қатынастарын бірыңғай реттеу мәні болып табылмайды.

Осылайша, ЕАЭО КК 2-бабы 1-тармағының 25-тармақшасының «кедендік бақылаудан жасыру», «дұрыс кедендік декларацияламау» және «тауарларды декларацияламау» ұғымдарын қамтитын, бірақ мағынасын ашып көрсетпейтін ережелері кедендік операцияларды жасау, кедендік бақылау кезінде кедендік реттеу мақсаттары үшін тікелей тағайындалады.

11. Одақ құқығында Одаққа мүше мемлекеттердің оны қолданудың негіздері мен шарттарын айқындау бөлігінде дискрецияны сақтай отырып, кедендік реттеу тәртібін бұзғаны үшін тәркілеу түрінде санкция қолдану мүмкіндігі көзделген.

Әкімшілік құқық бұзушылық затын тәркідеу түрінде әкімшілік жауаптылықты белгілеу меншік құқығын қозғайды. Шарттың кіріспесінде оларға меншік құқығы жататын адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі қағидатын сақтай отырып, Одақты құру көзделгенін ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы осы Консультативтік қорытындыны шығару кезінде Одаққа мүше мемлекеттердің конституциялық дәстүрлерін назарға алады және Сот әзірлеген құқықтық ұстанымдарды растайды. Атап айтқанда, № P2/18 іс бойынша Консультативтік қорытындыда Сот жауапқа тарту туралы

мәселені шешу кезінде санкциялардың жасалған құқыққа қарсы әрекеттің (әрекетсіздіктің) сипатына мөлшерлестік қағидаты сақталуы қажеттігін атап өтті.

Жазаның мөлшерлестігін қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі істің мән-жайын, әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін бағалауды ескере отырып, Одаққа мүше мемлекеттің құқық қолдану органына тәркілеуді қолдану немесе оны қолданудан қалыс қалу құқығын беру арқылы жазаны дараландыруға жол беретін құқық бұзушылық үшін сараланған санкция белгілеу болып табылады.

Осылайша, Одаққа мүше мемлекеттер кедендік реттеу тәртібін бұзғаны үшін белгілейтін және қолданатын әкімшілік жауапкершілік шаралары қорғалатын мүдделерге және жасалған құқыққа қарсы әрекеттің сипатына мөлшерлес болуы тиіс. Мөлшерлестік құқық бұзушылықтың сипатына және оны жасаудың қандай да бір мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын дараландыруды шарттастыратын мән-жайларға байланысты жария-құқықтық жауапкершілікті саралауды алдын ала айқындайды.

12. Кедендік реттеу тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартудың құқықтық құралдарын таңдау Одаққа мүше мемлекеттердің құзыретіне жатады. Одақтың және Соттың өкілеттіктеріне Одаққа мүше мемлекеттер таңдаған құқықтық реттеу тетігінің негізділігі, орындылығы және артықшылығы мәселелерін оның мазмұны тұрғысынан да, ұлттық құқықтық акт нормасының нақты тұжырымдамасын таңдау қажеттілігі тұрғысынан да қарау жатпайды.

Одаққа мүше мемлекеттердің кедендік реттеу тәртібін бұзғаны үшін жоғары дәрежедегі қатаң жауапкершілік шараларын айқындаудағы дискрециясы Одаққа мүше мемлекеттердің осындай бұзушылықтар жасауды болдырмау мақсатында қабылданған заңнамасы айыппұл салумен қатар құқық бұзушылық мәні болып табылатын тауарларды тәркілеуді қолдануды көздейтіндіктен ғана мөлшерлес болып табылмайтынын куәландырмайды.

Одаққа мүше мемлекеттердің Одақтың құқық нормаларын қолдану жөніндегі өз міндеттемелерін адал сақтауы олардың құқық ережелерін бұзғаны үшін жауапкершіліктің тиімді шараларын белгілеуін болжайды. Сонымен қатар, жоғарыда аталған жауапкершілік шараларын қолдану Шарттың 25-бабы 1-тармағының 5-тармақшасында көзделген Одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасында тауарлардың еркін өтуі үшін кедергілер туғызуға әкеп соқпауы тиіс.

13. Шарттың кіріспесіне, ЕАЭО КК 358-бабына және Одаққа мүше мемлекеттер көздеген кедендік реттеу тәртібін бұзғаны үшін жауаптылыққа тартылатын тұлғалардың құқықтарын қорғаудың

құқықтық тетіктеріне сүйене отырып, мұндай тұлғаларды қорғаудың ең төменгі кепілдіктері: кеден органдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту (шағымдану) құқығы; әділ сот талқылауына құқық; санкцияның құқық бұзушылықтың сипатына мөлшерлес болу құқығы; *non bis in idem* қағидатын іске асыру құқығы (2010 жылғы Шарттың 7-бабы) болып саналуы мүмкін.

14. Жоғарыда баяндалғандар негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай түсіндіруді ұсынады.

14.1. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі тауарларды өткізудің, кедендік рәсімдер мен кедендік бақылаудың жалпы ережелерін, кедендік қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін көздейді, бірақ ұғымдарды айқындамайды және қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлерін (құрамдарын) белгілемейді.

Қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері (құрамдары), қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілік шараларын тағайындау тәртібі мен қағидаттары Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасымен белгіленеді.

14.2. Еуразиялық экономикалық одақта кедендік реттеу тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік, оның ішінде тәркілеу шараларын қолдану, нақты мән-жайларды есепке алу, санкцияның қорғалатын мүдделерге және құқыққа қарсы әрекеттің сипатына мөлшерлестігі мәселесін шешу Одаққа мүше мемлекеттердің құқық қолдану органдарының арықша құзыреті болып табылады.

14.3. Кедендік реттеу тәртібін бұзғаны үшін жауаптылыққа тартылатын тұлғалардың құқықтарын қорғаудың кепілдіктері: кеден органдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту (шағымдану) құқығы; әділ сот талқылауына құқық; санкцияның мөлшерлестігі қағидатын және *non bis in idem* қағидатын сақтау. Мұндай құқықтарды іске асыру тәртібі Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген.

14.4. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 25-бабы 1-тармағының 4-тармақшасында бекітілген Одаққа мүше мемлекеттердің бірыңғай кедендік реттеуді жүзеге асыру қағидаты осы кезеңде Еуразиялық экономикалық одақта кедендік реттеу тәртібін бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тарту мәселелерін регламенттеуді көздемейді.

IV. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш беруші – «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Дронов

Судьялар

Э.В. Айриян

Д.П. Александров

К.К. Джунушпаев

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян